Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастық жиналысының

Хаттамасы №1

Қызылоба ауылы 29 қаңтар 2025 жыл

Төрағалық етуші: Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев

Қызылоба ауылдық округі бойынша жергілікті қоғамдастықтың жиналысына қатысуға құқығы бар мүшелердің жалпы саны: 9

Қатысқан адам саны: 5

Жергілікті қоғамдастықтың жиналысын Қызылоба ауылдық жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы А.Жумагазиев ашты

Жиналыстың күн тәртібі:

1. Қызылоба ауылдық округі әкімі аппаратының қажеттілігіне алынған бензиндік генераторына жөндеу жұмыстары үшін қаражат бөлу.

Тыңдалды:

Қызылоба ауылдық округі әкімі Т.Сериков күн тәртібіндегі мәселе бойынша түсінік берді:

- Өздеріңізге мәлім Қызылоба ауылдық округі әкімі аппаратының қажеттілігіне алынған бензиндік генераторы техникалық ақауларға байланысты істен шықты. Сол құрылғыны кеше, яғни 28 қаңтар күні Орал қаласына жөндеуге алып бардық. Орал қаласындағы «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігі жөндеу жқмыстарын жүргізіп беретін болып келісілді. Осыған орай сол «ФЕБ-С» жауапкершілік шектеулі серіктестігімен жөндеу жұмыстары үшін ҚҚС-мен 72 мың (жетпіс екі мың) теңгеге шартты тікелей бір көзден сатып алу тәсілі арқылы мемлекеттік сатып алу жұмысын жүргізу қажет.

Сөйлегендер:

1. Капулов Тілеген – Қазір қыс айы. Ауылда жарық жиі сөніп жүргенін жақсы білесіздер. Алдағы уақытта түрлі қауіптердің алдын алуы үшін қажетті құрылғының бірі. Осы қиындықты шешу үшін қажетті қаражатты бір көзден алу тәсілімен шешуге осында отырғандардың бәрі келіседі деп ойлаймын. Қажетті қаражат осы жұмысқа жұмсалуына менің ешқандай қарсылығым жоқ.

Жиналыс шешімі:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша қаражаттар тиісті қажеттілігіне жұмсалсын. Жергілікті қоғамдастық жиналысында айтылған сын-ескертпелер мен ұсыныс-пікірлер қатерге алынсын.

Жиналыс төрағасы: **А.Жумагазиев**

Хатшы **М.Хайруллин**